

УДК 504.4.062.2 (574)

ІЛЕ ӨЗЕНІНДЕ ГІ ТЕРМИКАЛЫҚ РЕЖІМНІҢ ӨЗГЕРУІН ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРИНЕН

Геогр. ғылымд. докторы

М.Ж. Бұрлібаев

Ж.К. Турениязова

Терминалық режимнің көпжылдық мәліметтеріне сүйене отырып, Іле өзенінің ұзындығы бойынша сулылықтың әртүрлі қамтамасыздықтарындағы су температурасының жыл бойының белінүү динамикасы қарастырылды. Табиғи және өзгерген гидрологиялық режимді салыстырмалы түрде зерттеу нәтижесінде Қапшагай бөгенінің өсерінен температуралық режимнің түбегейлі өзгерісі анықталды.

Казіргі таңда өзен сүйен бөгендер арқылы реттеу салдарынан терминалық режимнің өзгеру бағытын зерттеудің ағындарды санитарлық қорғауда, сонымен бірге жылулық ластануды анықтауда маңызы өте зор. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, судың өзін-өзі тазалау процестеріне, өзеннің гидрохимиялық және мұздық режимдеріне нақты баға беруге мүмкіндік береді.

Терминалық режимнің гидробионттардың тіршілігінде маңызы өте зор болғандықтан негізгі экологиялық факторлардың қатарына жатады. Оның экологиялық маңызы судың құрамына, сол сияқты гидробионттардың тіршілік ортасында тік және көлденең орын ауыстыруына әсер ету арқылы айқын байқалады [4].

Іле өзенінің сүйен Қапшагай бөгенін салу және іске қосу арқылы көпжылдық реттеу нәтижесінде өзеннің тәменгі бөлігіндегі гидрологиялық режим түбегейлі өзгеріске ұшырады. Табиғи жағдайда өзен экожүйесінде бірнеше жылдар бойы қалыптасқан, белгілі бір динамикаға бейімделген, экожүйе көрсеткіштерінің ауытқуын шектеп және реттеп отыратын экологиялық тепе-тендік орнаған болатын. Алайда Қапшагай бөгені іске қосылғаннан кейін гидрологиялық режимнің өзгеруімен экологиялық тепе-тендік бұзылып, бұрынғы қайта оралу қабілетінен айрылып, өзен экожүйесінің дамуы өзгеше бағыт алып отыр. Әсіресе гидрологиялық режимнің бөгеннің өсерінен табиғи жағдайдан ауытқу

бағытының анықталуы барысында су температурасының “ескертпе” белгі ретіндегі маңызы қазіргі таңда көкейкесті сипатқа ие болып отыр.

Терминалық режимнің бөгеннің өсерінен өзгеру мәселесі соңғы кезде көп зерттелген. Зерттеулердің негізі [1, 2] бөгендердегі ауа және су массаларының жылу тасымалдау мүмкіншілігін есептеуге, су температурасының бөгеннің ауданы мен терендігі бойынша өзгеруін анықтауға негізделген. Соның ішінде су массаларының температуралық қабатталу процесіне көп көңіл бөлінген. Бұл құбылыс ірі бөгендерде айқын байқалады. Дегенменде бөгендердің терминалық режимі бойынша зерттеулердің көптігіне қарамастан, ағыны реттелген өзендердің ұзындығы бойынша су температурасының өзгеруін салыстырмалы түрде қарастырған енбектер санаулыған. Ағыны бөген арқылы реттелген өзендердің (Дон, Днепр, Волга, Кама, Обь, Кура, т.б.) ұзындығы бойынша Е.А.Леонов [3] терминалық режимнің өзгеруін 1936..1973 жылдар аралығындағы температуралық оргаша айлық мәндерін ағынның реттегуіне дейінгі және кейінгі кезеңге бөліп, салыстырмалы түрде қарастырған.

Қапшағай бөгеннің Іле өзенінің температуралық режиміне өсерін анықтау максатында су температурасының көпжылдық мәліметтеріне сүйене отырып, жылдың 25, 50, 75, 95 % қамтамасыздықтары бойынша бөгеттен төмен орналасқан Қапшағай және Ушжарма тұстамаларындағы су температурасының жыл бойының бөлінуіне талдама жасалынды. Бөгеннің өсерінен қалыптасқан терминалық режимнің өзгерісін айқын көрсету үшін су температурасының хронологиялық динамикасын екі кезеңге бөлу арқылы салыстырмалы түрде қарастырылды:

1. 1936...1970 жылдар аралығындағы Қапшағай бөгеннің салынуына дейінгі табиғи гидрологиялық режим кезеңі
2. 1971...2000 жж. бөгеннің өсерінен қалыптасқан өзгерген гидрологиялық режим кезеңі.

Казіргі кезеңде Қапшағай бөгеннің өсерінен су температурасының өзеннің ұзындығы бойынша біртіндеп үздіксіз өзгеруі бұзылды. Бөгеннің жоғарғы бьефынан төменгіге өту барысында судың температурасы күрт өзгереді. Қысқы маусымда жоғарғы бьефтың мұзға жанасатын қабатындағы суға қарағанда, бөгеннің төменгі бьефінде судың температурасы біршама жоғары болады. Сондықтанда қыста бөгеттен төменгі бөліктегі жылы судың өсерінен жылымықтар қалыптасып, су қатпайды. Керісінше, температуралық төмендеу бағыты көктемде айқын байқалады.

Кестедегі зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, Қапшағай бөгенінің температуралық режимге əсері Қапшағай және Үшжарма тұстамаларында айқын байқалады, яғни су температурасының көктемде табиғи көрсеткіштерден төмендеуі мен күзде көтерілуі тіркелген.



Кесте

Іле өзеніндегі су температурасының ($^{\circ}\text{C}$) жыл бойылық бөлінуі

Тұс- тама	Реж им	P, %	Айлар						
			4	5	6	7	8	9	10
Қап шағай шатқа лы	ТГР	25	9,7	15,4	20,1	21,9	19,3	16,7	11,7
	ӨГР	25	8,1	13,9	19,0	22,8	23,2	20,0	13,8
	ТГР	50	11,8	17,5	21,2	21,3	21,2	14,7	8,6
	ӨГР	50	5,7	11,4	18,3	22,3	22,7	19,7	14,6
	ТГР	75	10,8	18,2	21,9	23,3	21,5	16,2	11,3
	ӨГР	75	5,9	9,9	17,5	21,9	22,6	19,4	14,9
	ТГР	95	10,7	17,0	20,5	23,6	21,9	16,3	8,6
	ӨГР	95	4,7	12,6	18,9	23,3	22,5	18,6	13,6
Үш жарма ауылы	ТГР	25	12,2	17,8	20,2	23,5	21,0	16,9	9,7
	ӨГР	25	8,5	15,2	19,1	23,4	22,8	19,6	11,0
	ТГР	50	12,5	17,7	21,4	21,9	21,6	15,0	9,0
	ӨГР	50	8,0	15,8	21,5	24,5	22,4	18,6	13,0
	ТГР	75	10,9	17,4	20,3	23,3	20,7	16,1	10,4
	ӨГР	75	10,2	14,7	20,8	23,9	23,0	17,6	12,3
	ТГР	95	11,5	16,8	20,4	23,8	22,7	16,9	9,1
	ӨГР	95	10,6	16,1	21,6	23,9	23,5	17,8	10,7

Ескерте: ТГР – табиғи гидрологиялық режим кезеңі; ӨГР - өзгерген гидрологиялық режим кезеңі

Бөгеттен төмен орналасқан Қапшағай тұстамасындағы жылдың 25 % қамтамасыздығында (Сур.) бөгеннің əсерінен қалыптасқан гидрологиялық режимнің өзгеру кезеңіндегі су температурасының табиғи көрсеткіштерден төмендеу бағыты сәуір-мамыр айларында тіркелгенмен, табиғи және өзгерген гидрологиялық режимдегі температураның айырмалылығы $1,1\ldots1,6\ ^{\circ}\text{C}$ шамасында. Сәуір айындағы табиғи гидрологиялық режимде судың температурасы $9,7\ ^{\circ}\text{C}$ болса, ал Қапшағай бөгеннің əсерінен гидрологиялық режимнің өзгеруімен бұл көрсеткіш $8,1\ ^{\circ}\text{C}$ -те төмендей түскен. Сол сияқты мамыр айында да осы жағдай қайталанған, яғни температураның өзгеру көрсеткіші $1,5\ ^{\circ}\text{C}$ шамасында.



Сур. Іле өз. Қапшагай түстамасындағы су температурасының табиги (Т.Г.Р.) және өзгерген (Ө.Г.Р.) гидрологиялық режимдегі жыл бойылық бөлінуі. 1 – $P = 25\%$ Т.Г.Р., 2 – $P = 25\%$ Ө.Г.Р., 3 – $P = 50\%$ Т.Г.Р., 4 – $P = 50\%$ Ө.Г.Р., 5 – $P = 75\%$ Т.Г.Р., 6 – $P = 75\%$ Ө.Г.Р., 7 – $P = 95\%$ Т.Г.Р., 8 – $P = 95\%$ Ө.Г.Р.

Бұл айда табиги жағдайда тіркелген $15,4^{\circ}\text{C}$ деңгейіндегі температуралың орнын гидрологиялық режимде $13,9^{\circ}\text{C}$ - дегі көрсеткіш басқан. Табиги және өзгерген гидрологиялық режимдегі температуралың айырмашылығы маусымда жоғарыда аталған айларға қарағанда азайыш, небері $1,1^{\circ}\text{C}$ ғана құрайды. Ал гидрологиялық режимнің өзгеру кезеңіндегі температуралың көтерілу бағыты шілде-қараша айларында байқалады және көктемдегі тем-

ператураның ауытқу көрсеткішіне қарағанда ұлғая түскен. Шілде айындағы температураның табиғи мөлшерден көтерілуі небәрі 0,9 °C болғанымен, тамыз айынан бастап ауытқуы айқындала түседі. Тамыз-қараша айларындағы температураның айырмашылығы 2,1...5,1 °C - ге күрт өскен. Табиғи көрсеткіштен температураның ауытқуы тамыз айында 3,9 °C, қыркүйекте – 3,3 °C шамасында. Егер табиғи гидрологиялық режимдегі судың температурасы тамыз айында 19,3 °C – ге тіркелсе, Қапшағай бөгенінің іске қосылуынан кейінгі уақытта 23,2 °C – ге дейін көтерілді. Сол сияқты қыркүйектегі табиғи жағдайдағы судың температурасы 16,7° С құраса, өзгерген гидрологиялық режимде 20 °C тіркелген. Табиғи гидрологиялық режимдегі температураның мәнінен қазан айындағы ауытқуы 2,1 °C - ге дейін азая түскен. Жылдың мол сулылығындағы температураның ең үлкен ауытқуы қараша айына сәйкес келеді. Осы айдағы табиғи және өзгерген гидрологиялық режимдегі температураның айырмашылығы 5,1 °C -ге дейін өзгерген. Егер табиғи гидрологиялық режимде судың температурасы 2,6 °C шамасында болса, ал қазіргі уақытта оның мәні көтеріліп, 7,7 °C -ге тіркелген.

Жылдың 50 % қамтамасыздығындағы Қапшағай бөгенінің әсерінен қалыптасқан гидрологиялық режимнің өзгеру кезеңіндегі температураның динамикасы жылдың мол сулылығына ұксас. Атап айтқанда, өзгерген гидрологиялық режимдегі температураның табиғи көрсеткіштерден тәмендеу бағыты сәуір-маусым айларында байқалса, ал көтерілуі шілде-қараша айларына сәйкес келеді. Табиғи жағдайдағы температурадан ауытқуы айқын байқалады. Табиғи және өзгерген гидрологиялық режимнің температуралық айырмашылығы барлық айларда анағұрлым үлкен. Сәуір - маусым айларында қалыптасқан гидрологиялық режимнің бөгенінің әсерінен бұзылуы барысындағы температураның бүрынғы қалпынан тәмендеуі бағытында судың температурасы 2,9...6,1 °C - ге дейін ауытқыған. Әсіресе температураның ең көп ауытқуы сәуір, маусым айларында тіркелген. Мәселен сәуір айындағы табиғи және өзгерген гидрологиялық режимнің айырмашылығы 6,1 °C. Егер табиғи гидрологиялық режимдегі температураның мәні 11,8 °C болса, Қапшағай бөгенінің іске қосылуынан кейін бұл көрсеткіш 5,7 °C - ге тәмендей түскен. Сол сияқты жағдай мамыр айында да орын алған. Табиғи жағдайдағы 17,5 °C температураның орнына қазіргі уақытта 11,4 °C тіркелген, нәтижесінде судың температурасы 6,1 ° -қа ауытқыған. Ал маусым айындағы температураның айырмашылығы 2,9 °C - ге қысқарған. Бұл

айдагы Қапшағай бөгенінің салынуы мен іске қосылуына дейін температура $21,2^{\circ}\text{C}$ деңгейінде болса, қазін $18,3^{\circ}$ -қа төмендеген. Ал, бөгенін әсерінен қалыптасқан гидрологиялық режимнің өзгеру кезеңіндегі табиғи температурадан көтерілуі шілде айынан басталғанымен, температуралық айырмашылығы кіші-гірім ғана. Мәселен, шілде, тамызда табиғи көрсеткіштен $1\dots1,5^{\circ}\text{C}$ -ге ауытқиды. Бірақ қыркүйек-қараша аралығында су температурасының табиғи қалыптан көп ауытқуы байқалады. Осы айлардағы температураның айырмашылығы $5\dots6,8^{\circ}\text{C}$ -ге дейін жетеді. Қыркүйек айындағы судың температурасы табиғи гидрологиялық режимде $14,7^{\circ}$ болғанымен, кейінгі кезенде $22,7^{\circ}\text{C}$ -ге көтерілуі тіркелген. Су температурасының табиғи көрсеткіштен ауытқуы қазан айынан бастап ұлғая бастайды. Қазан айындағы табиғи жағдайда тіркелген $8,6^{\circ}$ температуралық орнын қазіргі уақытта $14,6^{\circ}\text{C}$ -дегі көрсеткіш басқан, яғни 6° -қа күрт көтерілген. Әсіресе су температурасының көтерілу бағытындағы температуралық ең көп мәнге ауытқуы қараша айына сәйкес келеді. Бұл айдағы температуралық айырмашылығы $6,8^{\circ}\text{C}$ құрайды. Бөгенінің салынуына дейінгі уақытта су температурасының көрсеткіші $8,6^{\circ}\text{C}$ болса, ал гидрологиялық режимнің өзгеруімен $14,6^{\circ}\text{C}$ -ге күрт көтерілген.

Жылдың 75% қамтамасыздығындағы Қапшағай бөгенінің салынуы мен іске қосылуынан кейінгі уақыттағы температуралық жыл ішіндегі таралу нәтижелері көрсеткендей, су температурасының табиғи жағдайдан біршама ауытқуы көктемгі маусымда төмендеу бағытында тіркелгенімен, температуралық көтерілуінде қысқарып, кіші-гірім ғана көрсеткіштерге ғана өзгерген. Гидрологиялық режимнің өзгеру кезеңіндегі су температурасының төмендеу бағыты сөуір-шілде айларына сәйкес келеді. Судың температурасы табиғи көрсеткіштерден $1,4\dots8,3^{\circ}\text{C}$ аралығында ауытқыған. Сөуір айындағы температуралық айырмашылығы $4,9^{\circ}\text{C}$ -ге тіркелген. Табиғи жағдайдағы судың температурасы $10,8^{\circ}$ болса, Қапшағай бөгенінің өзен суымен реттелуі нәтижесінде $5,9^{\circ}\text{C}$ -ге төмендей түскен. Әсіресе су температурасының ең үлкен ауытқуы мамыр айына сәйкес келеді, температуралық айырмашылығы $8,3^{\circ}$. Өзен экожүйесінің табиғи қалпындағы $18,2^{\circ}\text{C}$ температуралық орнын өзгерген гидрологиялық режимде $9,9^{\circ}\text{C}$ басқан. Сонымен қатар маусым айындағы температуралық мәні табиғи жағдайда $21,9^{\circ}$ болғанымен, қазіргі уақытта $17,5^{\circ}\text{C}$ шамасындағы көрсеткіш тіркелген. Нәтижесінде табиғи және өзгерген гидрологиялық режимнің айырмашылығы $4,4^{\circ}\text{C}$. Ал шілде айындағы тем-

ператураның айырмашылығы 1,4 °C -ге қысқара түскен. Өзгерген гидрологиялық режимдегі температураның көтерілуі тамызайларынан бастап орын алғанымен, температураның айырмашылығы бұл айда небәрі 1,1 °C құрайды. Қыркүйек айынан бастап табиғи жағдайдағы температураның мәнінен ауытқу қалпы айқындала түскен. Су температурасының ауытқуы 1,1...3,6 °C шамасында. Мәселен, қыркүйекте табиғи гидрологиялық режимдегі судың температурасы 16,2 °C шамасында болғанымен, Қапшағай бөгенінің әсерінен бұл көрсеткіш 19,4 °C -ге дейін көтерілген. Әсіресе температураның ең үлкен айырмашылығы казан айында 3,6 °C -ге тіркелген. Табиғи гидрологиялық режимде тіркелген 11,3 °C температураның орнына, қазіргі уақытта 14,9 °C -ге құрт көтерілуі байқалған. Сол сияқты қараша айында температураның айырмашылығы 2 °C құрайды.

Жылдың 95 % қамтамасыздығындағы Қапшағай бөгенінің әсерінен қалыптасқан гидрологиялық режимнің өзгеруі кезеңінде су температурасының табиғи жағдайдан төмендеуі сәуір-маусым айларында, ал керісінше көтерілу бағыты қыркүйек-қараша айларында айқын байқалады. Жыл ішіндегі температураның ауытқуы 1,7...6,9 °C аралығында. Өзгерген гидрологиялық режимдегі су температурасының төмендеу бағытындағы ең үлкен ауытқуы сәуір және мамыр айларына сәйкес келеді. Мәселен, сәуір айындағы өзен суы реттелмей түрғанда судың температурасы 10,7 °C шамасында болғанымен, қазіргі уақытта 7,7 °C -ге төмендей түскен. Әсіресе температураның ең үлкен айырмашылығы мамыр айында тіркелген, яғни табиғи қалыптан 4,4 °C -ге ауытқыған. Егер табиғи гидрологиялық режимде 17 °C шамасында болса, ал өзгерген гидрологиялық режимде 12,6 °C -ге құрт төмендеу жағдайы тіркелді. Ал маусым айындағы температураның айырмашылығы 1,7 °C -ге қысқара түскен. Табиғи және өзгерген гидрологиялық режимдегі температураның көрсеткіштері шілде, тамыз айларында өзара теңесіп, мөндері кілпі-гірім шамаға ғана ауытқыған. Ал су температурасының табиғи қалыптан көтерілуі қыркүйек айынан бастап айқындала түседі. Қыркүйек айындағы Қапшағай бөгенінің әсерінен қалыптасқан кезеңде температураның 2,3° С-ге ауытқуы тіркелген. Ал казан айынан бастап табиғи және өзгерген гидрологиялық режимнің айырмашылығы үлғая түскен. Мәселен, казан айындағы табиғи жағдайда тіркелген температураның мөлшері 8,6 °C болса, өзгерген гидрологиялық режимде бірден 13,6 °C -ге көтерілген. Нәтижесінде температураның айырмашылығы 5°. Әсіресе су температурасының ең үлкен ауытқуы

қараша айына сәйкес келеді, яғни $6,9^{\circ}\text{C}$ -ге тіркелген. Бұл айдағы бұрынғы $0,9^{\circ}$ шамасындағы температураның орнына өзгерген гидрологиялық режимде $7,8^{\circ}\text{C}$ көрсеткіші тіркелген.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, өзеннің Қапшағай тұстамасындағы температураның жыл ішіндегі бөлінуі жылдың барлық сулылықтарында да бөгеннің әсерінен табиғи көрсеткіштерден айқын ауытқуға үшіраған. Өзеннің төменгі бөлігінде орналасқан Үшжарма тұстамасында да Қапшағай бөгеннің су температурасының жыл бойының бөлінуіне әсері айқын байқалады (Кесте). Қапшағай тұстамасындағы жағдай мұнда да қалыптасқан. Атап айтқанда, өзен суының реттелуі нәтижесінде судың температурасы табиғи шамадан көктемде төмендесе, ал күзде көтерілу бағыты орын алған. Дегенменде бөгөн маңындағы температураның ауытқуына қарағанда біршама азая түсken.

Іле өзеннің ұзындығы бойынша терминалық режимнің Қапшағай бөгеннің әсерінен өзгеру динамикасын талдау нәтижелері көрсеткендей, өзеннің төменгі бөлігіндегі Қапшағай және Үшжарма тұстамаларында табиғи гидрологиялық режимдегі температура көрсеткіштерінен ең үлкен ауытку жағдайы мамыр мен қараша айларына сәйкес келеді. Атап айтқанда, өзен суының бөгөн арқылы реттелуі салдарынан сөүір-маусым айларында су температурасының төмендеуі қалыптасса, ал қыркүйек-қараша айларында бабиғи температурага қарағанда көтерілуі тіркелді. Шілде мен тамыз айларында табиғи және өзгерген гидрологиялық режимде де өзара теңесуі байқалды.

Сонымен зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қапшағай бөгөні іске қосылғаннан кейінгі кезеңде температураның жыл ішінде таралуындағы өзгерістер жылдың барлық сулылықтарына тән болып отыр. Өзгерген гидрологиялық режимдегі су температурасының жыл ішіндегі таралуының түбекейлі бұзылуын Қапшағай бөгенніндегі жылудың маусымға байланысты тік қабатталу күбылышымен түсіндіруге болады. Өйткені қазіргі уақытта Қапшағай бөгөні өзеннің терминалық режимінде көктемгі-жазғы кезеңінде салқыннатқыш, ал күзгі-қысқы маусымда жылдықтың ролін аткарып отыр.

Қапшағай бөгеннің төменгі бьефіндағы температураның өзгерістері маусымдық стратификацияға тікелей байланысты. Көктемде бөгөнде тура стратификация қалыптасады, яғни температура судың бетінен түбіне қарай біртіндеп төмендейді. Су электр станциясының су бөгейтін турбиналары біршама терендікте орналасқандықтан, бөгеннің

төмөнгі қабатындағы салқын суды пайдаланады. Нәтижесінде бөгөт маңында жоғарғы бъефтағы суга қарағанда салыстырмалы түрде оқ мәндегі төмөнгі көрсеткішті температурадағы су қалыптасады. Ал күзгі-кысқы кезеңде бөгенде кері стратификацияның орын алуына байланысты, судың температурасы беткі бөліктен түпкі бағытында көтеріледі. Сондықтанда өзеннің төмөнгі белгінде су температурасының көтерілу бағыты орын алған. Су температурасының жыл ішінде бұлай ауытқуы өз кезеңінде өзен экожүйесінің қызметіне кері өсер етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Водохранилища мира и их воздействие на окружающую среду. – М.: Наука, 1986. – 366 с.
2. Гречушкирова М.Г. Изменчивость термического состояния Можайского водохранилища в вегетационный период: Автореф. дис. на соиск. учен. степ. канд. геогр. наук. – М., 2002. – 23с.
3. Леонов Е.А. Изменение термического режима рек под влиянием хозяйственной деятельности // Труды ГГИ. - 1977. – Вып. 23. - С. 49 - 77.
4. Языков А.В. Шмаков В.М. Гидроэкология. - Киев: Урожай, 1992 – 192 с.

Казахский научно-исследовательский институт
мониторинга окружающей среды и климата

О НЕКОТОРЫХ РЕЗУЛЬТАТАХ ИЗМЕНЕНИЯ ТЕРМИЧЕСКОГО РЕЖИМА р. ИЛИ

Канд. физ-мат. наук М.Ж. Бурлибаев
 Ж.К. Турениязова

Опираясь на многолетние данные, рассматривается динамика внутригодового распределения температуры воды р. Или при различных обеспеченностях стока в период естественного и нарушенного гидрологического режима. В результате исследования выявлены коренные изменения термического режима под влиянием Капшагайского водохранилища.